

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН



**«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу – әдістемелік орталығы»
КМҚК директоры**

Б. Абдикерова

2023 ж.

**«ҚАҒАРМАН» ҰЛДАР КЛУБЫНЫҢ
ЖОБАСЫ**

ҚАРАҒАНДЫ, 2023

«ҚАҺАРМАН» ҰЛДАР КЛУБЫНЫҢ ЖОБАСЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ	МАЗМҰНЫ
Жоба атауы	«Қаһарман» ұлдар клубы
Жоба үйлестірушісі	Абдикерова Бакиткул Хималдиновна, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры
Жобаны ұйымдастырушы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Жобаны әзірлеуші шығармашылық топ	Казиева Ансаган Алпысбаевна, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім беру және тәрбие бастамаларын дамыту бөлімінің меңгерушісі; Ахметова Аягуль Нурабаевна, «Шәкәрім атындағы гимназия» КММ директоры; Жаппаркулова Айнұр Тұрғанбекқызы, «Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ директоры; Есебаева Орынкул Жанузаковна, «Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.
Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы	Педагогтер, ата-аналар, оқушылар
Жобаға қатысушы оқушылардың жасы	07 – 17 жас
Жобаның типтік ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> - жасалған өнімнің сипаты бойынша: ақпараттық шығармашылық, ойын және басқалар - қатысушылар саны бойынша: жеке, жұптық, топтық - ұзақтығы бойынша, ұзақ мерзімді - бейінділігі бойынша: монопроект - үйлестіру сипаты бойынша: ашық - байланыс деңгейі бойынша: облыстық, білім беру ұйымы деңгейінде
Жобаның өзектілігі	Қазіргі жаһандану заманында ғаламтордың шырғауында қалған өскелең ұрпаққа ата-бабамыз өздеріндей еңбексүйгіш, малсақ, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі — бесаспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткендігін жас ұрпақ санасына сіңіру. Қазіргі замандағы басты мәселенің бірі осы телефон, компьютер, әлемжеліге тәуелділік, кибершабуылдар мен ішкі немесе сыртқы әсер етуші күштерден балаларды сақтау, оларға дұрыс жол көрсете білу басты міндетіміз. Ұл тәрбиесіндегі ұлттық бірегейлікті сақтауда тілін, ділін, тарихын,

дәстүрін меңгерту ата-аналар мен ұстаздар қауымының парызы. Рухани құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сабақтасуы мәңгілік ел болудың негізгі өзегі. Сондықтан, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында ұрпақтар сабақтастығын жүйелі жаңғырту керек.

Әсіресе, ақпарат пен сан түрлі мәдениет тоғысқан жаһандану заманында ұлттық код пен рухты бекем ұстайтын салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты меңгерген ұрпақ тәрбиелеу Сіз бен Біздің парымыз. Осы ретте, «Мұрагер» ұлдар клубы арнайы жобасын енгізіп, сабақтастықты жүзеге асырып, ұл тәрбиесіне ұлт тәрбиесін сіңіртіп, жаңғыртып, озығын саралаудың өзектілігі жоғары.

Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой» деп мадақтайтыны сондықтан. Осы жоба ұл балалар арасында ұлттық тәрбие, отансүйгіштік, азаматтық борыш, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондықтан, жоба аясында қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын кеңінен дәріптеп, ұмыт болғанын жаңғыртып, заман көшіне сай ұлықтап, өскелең ұрпақты сол арқылы тәрбиелеу жолға қойылу керек.

Жобаның мақсаты

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік әлеуетін қалыптастыру, әкелер мен ағалардың ықпалы арқылы ер балалардың азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру

Жобаның негізгі міндеттері

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Жасөспірімдерде белсенді өмірлік ұстанымды, өзін-өзі басқару дағдыларын, командалық өзара әрекеттесуді қалыптастыру.

	<ul style="list-style-type: none"> - Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. - Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. - Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. - Белсенді өмір салтын ұстанады, командалық қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. - Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
<p>Жобаны іске асыру тетіктері:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Облыстық және мектептің әлеуметтік желілерінде ақпараттық насихаттау шараларын өткізу; - Танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, блогерлерді насихат жұмыстарына тарту; - Әлеуметтік желіде, танымал блогерлердің парақшалары мен пабликтерде роликтер, челленджер, посттар жариялау; - БАҚ көздерінде ұл тәрбиесі мен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу. - Ер балаларға арналған ұлттық тәрбиеден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленджер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жариялау; - Білім беру ұйымдарының басылымдарында, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде ұл балалар жетістіктеріне арнау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілілі тұлғалармен және жетістікке жеткен белгілі жастармен кездесулер ұйымдастыру

<p>Жобаны насихаттау жұмыстары</p>	<ul style="list-style-type: none"> - NUDGE технологиясын қолдану; - Әлеуметтік желі, билбордтарда мақал-мәтелдер арқылы ұлттық құндылықты ұлықтайтын мессенджер тарату; - Бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүр білгірлері, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жандарды көпшілікке үлгі ретінде насихаттау; - «Өнегелі өмір» жобасы арқылы белгілі тұлғалармен кездесу ұйымдастыру; - Оқушылар арасында ер бала тәрбиесіне байланысты ұлттық салт-дәстүрден интеллектуалдық сайыстар, олимпиадалар өткізу; - Ұл балаларға ер азамат тәрбиесі туралы викториналық ойындар, танымдық тестілеулер өткізуді ұйымдастыру (жас ерекшелігін ескере отырып); - Көркем еңбек сабақтарында ұлттық қолөнерге баулып, өткізілген іс-шараларды насихаттау жұмыстарын жүргізу.
<p>Жобада ұйымдастырылуы тиіс іс-шаралар</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, дәстүлі түрде «Жігіт сұлтаны» байқауын ұйымдастырып өткізу; - Ұл бала тәрбиесін шығармаларына арқау еткен ұлт зиялыларымен кездесулер ұйымдастыру; - Ғұрыптық фольклор бойынша бата, батырлар жыры, жарапазан жырларының үлгілерін ұл балалар арасында кеңінен тарату жұмыстарын жүргізу; - Ер балаларға тән ұлттық қолөнер көрмелерін ұйымдастыру; - Ер балалардың ұлттық киімдер сән апталығын өткізу; - Ер балалар арасында жыраулар фестивальдерін ұйымдастыру; - Ер бала тәрбиесіне арналған ұлттық құндылықтарды насихаттайтын театрлық қойылымдарды өткізу; - Ұлттық салт-дәстүрді жаңғыртып, қазақтың қолданбалы, қолөнерін әлемге танытып жүрген жас суретшілерді, зергерлерді, шеберлерді ұл балалармен кездестіру жұмыстарын жүргізу; - «Domyra party» шарасын ұйымдастыру (домбыра үйірмесінің жетекшілері жүргізеді); - Ұлттық дәстүрлер мен ғұрыпқа негізделген заманауи күнделікті өмірде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы білімді кеңейту мақсатында жұмбақ, жаңылтпаш, шешендік өнер сайысы; - «Тоғызқұмалақ» интеллектуалды ойынын

	<p>өткізу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Білім алушыларды ептілік пен мергендік өнерге баулу мақсатында «Садақ тарту», «Белдесу» «Асық» ойындарын өткізу; - «Ата-бабамыздың аңшылық дәстүрі» сынып сағаты, танымдық зерттеулер мен бейнероликтер даярлау.
<p>Жобаға енген пилоттық мектептер</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қарағанды қаласы «Павлов атындағы ЖББМ» КММ; 2. «Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ; 3. «Шәкәрім атындағы гимназия» КММ; 4. «№62 ЖББМ» КММ; 5. Бауыржан Момышұлы атындағы ЖББМ» КММ 6. Балқаш қаласы «Абай Құнанбайұлы атындағы лицей» КММ 7. Теміртау қаласы «№8 ЖББМ» КММ 8. Шахтинск қаласы «С. Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 9. Саран қаласы «Абай атындағы ЖББМ» КММ 10. Абай қаласы Топар кенті «Абай атындағы ТМ (РО) КММ» 11. Ақтоғай ауданы «Шашубай кентіндегі мектеп-бөбейжай кешені базасындағы ТМ» КММ 12. Бұқар жырау ауданы «С. Торайғыров атындағы ЖББМ» КММ 13. Қарқаралы ауданы «Ә.Ермеков атындағы ЖББМ»КММ 14. Нұра ауданы «А. Асылбеков атындағы ЖББМ» КММ 15. Осакаров ауданы «№9 гимназия» КММ 16. Шет ауданы «Ж. Ақылбаев атындағы гимназиясы» КММ 17. «Жамбыл атындағы» ММЛИ 18. Таңшолпан «отбасы үлгісіндегі балалар үйі» ММ жанындағы Жасөспірімдер үйі»
<p>Жобаны іске асыру кезеңдері</p>	<p>I. Дайындық кезеңі: ақпан-қыркүйек 2023 ж. Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау өлшемшарттарын әзірлеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.1. «Қаһарман» ұлдар клубы жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту. 1.2. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту. 1.3. Жобаға қатысушылар үшін іс-шаралар (вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу. 1.4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу. <p>II. Қалыптастырушы кезең: қыркүйек-желтоқсан 2023 ж, 2024-2025 оқу жылы. Жобаны жүзеге асыру.</p>

- 2.1. Ұл балаларға ұлттық құндылыққа негізделген тәлім-тәрбие беру берудің тиімді түрлері мен әдістерін таңдау.
- 2.2. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу.
- 2.3. Білім беру ұйымдары «Қаһарман» ұлдар клубы жобасын жүзеге асыру жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастыруын қамтамасыз ету, қадағалау.
- 2.4. Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу, сараптамалық талдау жасау.
- 2.5. Жобаны жүзеге асыру бағытында іс-шаралар (дөңгелек үстел, вебинар, нетворинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, мастер-кластар және т.б.) өткізу.

III. Қорытынды кезең: 2026 жылы

Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.

- 3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.
- 3.2. Жобаны жүзеге асыру аясында жүйелі тәрбие жұмыстарын жүргізген білім беру ұйымдарына сараптамалық талдау жүргізу.
- 3.3. Жобаны жүзеге асыру аясында жеткен жетістіктерін талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.
- 3.4. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар бойынша әдістемелік өнімдер шығару.